





округінен орталығы - Қылышбай ауылы болатын Қылышбай ауылдық округі және орталығы - Жамбыл ауылы болатын Жамбыл ауылдық (селолық) округі бөлінсін. Сарысу ауданы бойынша Байқадам ауылдық округінен орталығы - Өндіріс ауылы болатын Игілік, Талас ауылдары елді мекендерімен бірге Игілік ауылдық (селолық) округі бөлінсін. Талас ауданы бойынша

Бостандық ауылдық округінен орталығы - Шәкіров ауылы болатын Амангелді ауылы елді мекендерімен бірге Шәкіров ауылдық (селолық) округі, орталығы - Аққұм ауылы болатын Аққұм ауылдық (селолық) округі бөлінсін.

Қаратау қаласының құрамынан орталығы - Көктал ауылы болатын Көктал кенттік округі бөлінсін.

#### Тұрар Рысқұлов ауданы бойынша

Ақыртөбе ауылдық округінен орталығы - Өрнек ауылы болатын Әбжапар, Сәлімбаев, Жарлысу, Сұңқайты ауылдары елді мекендерімен бірге Өрнек ауылдық (селолық) округі және орталығы - Теренөзек ауылы болатын Көкарық, Мамай, Қайыңды, Шолақ Қайыңды, Сөгеті ауылдары елді мекендерімен бірге Теренөзек ауылдық (селолық) округі бөлінсін.

Қарақыстақ ауылдық округінің құрамынан орталығы - Жаңатұрмыс ауылы болатын, Мөңке ауылы елді мекендерімен бірге Жаңатұрмыс ауылдық (селолық) округі бөлінсін.

Құмарық ауылдық (селолық) округі орталығы - Құмарық ауылы болатын Қаракемер, Алғабас ауылдары елді мекендерімен бірге Құмарық ауылдық (селолық) округіне және орталығы - Көкдөнен ауылы болатын Көгершін, Қосапан, Жақсылық, Әбілхайыр ауылдары, Құмарық разъезі елді мекендерімен бірге Көкдөнен ауылдық (селолық) округіне бөлінсін.

Қорағаты ауылдық округі орталығы - Қорағаты ауылы болатын Аққайнар, Тойқұдық, Мамыртөбе ауылдары елді мекендерімен бірге Қорағаты ауылдық округіне және орталығы - Ленин ауылы болатын Қызылшаруа, Байтелі ауылдары, 98 разъезі елді мекендерімен бірге Ленин ауылдық округіне бөлінсін.

#### Шу ауданы бойынша

Көкқайнар ауылдық округі орталығы - Көкқайнар селосы болатын Көкқайнар ауылдық округіне және орталығы - Ақсу ауылы болатын Оразалы батыр ауылы елді мекендерімен бірге Ақсу ауылдық (селолық) округіне бөлінсін.

Ескішу ауылдық округінің құрамынан орталығы - Бірлікүстем селосы болатын Бірлікүстем ауылдық (селолық) округі бөлінсін.

Дулат ауылдық округі орталығы - Бәйдібек ауылы болатын Дулат ауылдық (

селолық) округіне және орталығы - Балуан Шолақ ауылы болатын Балуан Шолақ уылдық (селолық) округіне бөлінсін. Орталығы - Алға селосы болатын Сауытбек ауылы және Жайсан селосы елді мекендерімен бірге Алға ауылдық (селолық) округі құрылсын. 2. Облыстық қаржы басқармасы Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Қордай, Меркі, Мойынқұм, Сарысу, Талас, Шу және Т.Рысқұлов аудандарының бюджеттеріне тиісті өзгертулер енгізісін.

*Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*Облыс Әкімі  
Облыстық мәслихат хатшысы*